

ОӘЖ 347.41

DOI: 10.54649/2077-9860-2021-1-103-107

М.Н. Саятова¹**¹Каспий қоғамдық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: madinasayatova@mail.ru**

НЕСИЕЛІК МІНДЕТТЕМЕНІҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аңдатпа

Мақалада міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету институтының құқықтық табиғаты қарастырылады. Азаматтық құқықтағы белгілі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдістеріне талдау жүргізіліп, олардың арасынан несиелік қатынастар саласында қолдану үшін оңтайлы әдістерді анықтауға әрекет жасалады. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қамтылған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдістерінің тізбесі ашық екендігі және бұл азаматтық-құқықтық қатынас субъектілеріне міндеттемелерді қамтамасыз етудің ең қолайлы әдістерін дербес таңдауға мүмкіндік беретіні жайлы баса айтылады.

Түйінді сөздер: міндеттемелерді қамтамасыз ету, несиелік міндеттемелер, несиелік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдістері, кепіл, кепілдік.

М.Н. Саятова¹**¹Каспийский общественный университет,
Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: madinasayatova@mail.ru**

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ИСПОЛНЕНИЯ КРЕДИТНОГО ОБЯЗАТЕЛЬСТВА

Аннотация

В статье исследуется правовая природа института обеспечения исполнения обязательств. Проводится анализ известных в гражданском праве способов обеспечения и делается попытка определить среди них оптимальные для применения в сфере кредитных отношений. При этом подчеркивается, что содержащийся в ГК РК перечень способов обеспечения исполнения обязательств является открытым, позволяя субъектам гражданско-правовых отношений самостоятельно вырабатывать наиболее удобные способы обеспечения обязательств.

Ключевые слова: обеспечение обязательства, кредитные обязательства, кредит, способы обеспечения исполнения обязательства, залог, гарантия.

M.N. Sayatova¹**¹Caspian Public University,
Republic of Kazakhstan, Almaty
E-mail: madinasayatova@mail.ru**

SECURING THE PERFORMANCE OF THE LOAN OBLIGATION

Annotation

The article examines the legal nature of the institution of ensuring the fulfillment of obligations. An analysis of the methods of security known in civil law is carried out and an attempt is made to determine among them the optimal ones for use in the field of credit relations. At the same time, it is emphasized that the list of ways to ensure the fulfillment of obligations contained in the Civil Code of the Republic of Kazakhstan is open, allowing the subjects of civil law relations to independently develop

the most convenient ways to secure obligations.

Keywords: security of an obligation, credit obligations, credit, methods of securing the fulfillment of an obligation, pledge, guarantee.

Банктер мен банк операцияларының экономикадағы орны өте маңызды, нарықтық қатынастардың дамуымен олардың рөлі тұрақты түрде артып келеді. Осыған байланысты қазіргі экономикада несиенің рөлі де ерекше өткір болып отыр. Алайда, банктік несиелеудің қажетті көлемі экономиканың нақты секторына келуі үшін банктерге орналастырылған ақша қаражатының қайтарылуына кепілдік беретін экономикалық және құқықтық жағдайлар жасау қажет.

ҚР АҚ-нің 727-бабының 1-тармағына сәйкес банк заемы шарты бойынша заем беруші заемшыға төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен қарызға ақша беруге міндеттенеді [1].

Осылайша, банктермен несиелеушілердің негізгі мақсаты - қарыз қаражатын қажет ететін адамдарға уақытша бос ақша қаражатын өтеулі түрде беру бойынша кәсіби қызмет. Демек, пайда алу - бұл олардың негізгі міндеті, ақшалай міндеттемелер несиелік қатынастарда негізгі болып табылады.

Осыған байланысты несиелеу берушілер болашақ қарыз алушыларды таңдау бойынша мақсатты қызметті жүзеге асырады, оларды толық көлемде қайтаруға ғана емес, сонымен бірге белгіленген пайыздарды төлеу арқылы несиелеу берушіге қаржылық пайда бере алатын тұлғаларға ақшалай қаражат береді. Бұл, әрине, қарыз алушының несиелеу қаражатын қайтаруға байланысты өз міндеттемелерін орындауына қандай да бір кепілдік беру қажеттілігін туындатады.

Несиелеу шарты бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етпей несиелеу беру көп жағдайларда мүмкін емес. Сонымен бірге, несиелеу беруші-банктердің мүдделерін кепілдендірудің құқықтық шарттары арасында қарыз алушылардың несиелік міндеттемелерді орындауын құқықтық қамтамасыз ету маңызды орын алады.

Несиелік міндеттемелерді дұрыс орындау азаматтық айналымның қалыпты жұмыс істеуінің маңызды факторы болып табылады және несиені қайтару мәселесі әлемнің көптеген елдері үшін әлі де өзекті. Банктік несиелеу Қазақстан Республикасында да кеңінен пайдаланылады, алайда осы уақытқа дейін несиелеу берушілерде берген ақшалай қаражатты қайтару кезінде елеулі қиындықтар сақталуда.

Несиелерді қайтару мәселесі несиелік қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдірусіз, несиелік міндеттеменің пайда болуы мен дамуының нақты теориясын құрмай, оның белгілерін анықтап, несиелік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің мүмкін әдістерін талдаусыз сәтті шешілмейді.

Заңнамада «міндеттемені қамтамасыз ету» ұғымы жоқ. Ғылыми және оқу әдебиеттерінде мұндай анықтама әдетте берілмейді, көбінесе міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдістері туралы айтылады [2].

Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдістері – бұл қолданыстағы заңнама нормаларымен келісіле отырып, борышқорды негізгі міндеттемені тиісті түрде орындауына итермелей отырып, оның орындалуына жеткілікті дәрежеде кепілдік беретін шаралар.

Несиелік міндеттеме азаматтық-құқықтық міндеттемелердің бір түрі болғандықтан, ол үшін азаматтық заңнамада қарастырылған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің барлық әдістері қолданыла алады.

Бүгінгі күні қолданыстағы ҚР Азаматтық кодексі осындай жеті әдісті қарастырады («Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету» ҚР АҚ-нің 18-тарауы). Оларға айып төлету, кепіл, борышқордың мүлкін алып қалу, аманат, кепілдік, кепілпұл, кепілдік жарна жатады. ҚР АҚ 292-бабының 1-тармағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің негізгі әдістерін атай отырып, тараптар өз міндеттемелерін заңда немесе шартта көзделген басқа да әдістермен қамтамасыз ете алады деп, бұл тізбені ашық қалдырады. Ал бұнда жағдай азаматтық-құқықтық қатынастар субъектілеріне олар үшін міндеттемелерді қамтамасыз етудің ең ыңғайлы және қолайлы әдістерін дербес таңдауға мүмкіндік берді.

Несиелік міндеттемелер азаматтық қатынастардың көптеген түрлерінің бірі болғанына қарамастан, несиелік қатынастардағы қамтамасыз ету ерекше маңызды.

Алайда, жоғарыда айтылған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің барлық әдістері несиелік міндеттемелер саласында қолданыла бермейді.

Мысалы, кепілпұл немесе айып төлеу сияқты әдістер борышқордың белгілі бір ақша сомасын енгізуіне негізделген, бұл ақша сома-

сы борышқор өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда несие берушіде қалады. Борышқордың несиелік міндеттеме бойынша негізгі міндеті несие берушіге белгілі бір ақша сомасын (негізгі берешек сомасын және ол бойынша пайыздарды) төлеу болып табылатындықтан, борышқордың негізгі міндеттемені орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда (яғни несие берушіге шартта бастапқыда көзделген соманы төлеу), оның кепілпұлдың немесе айып төлеу сомасына одан да көп ұлғаюы экономикалық тұрғыдан орынды болып табылуы екіталай.

Несие берушінің борышқорға берілетін затты ұстап қалу құқығын көздейтін ұстап қалу сияқты қамтамасыз етудің бұл әдісі бүгінде азаматтық-құқықтық айналымда кең таралмайды. Онын себебі, мүмкін, бұл әдістің кепілмен көп ұқсастықтары болуында. ҚР АҚ-нің 338-2 бабына сәйкес затты ұстап қалушы несие берушінің талаптары кепілмен қамтамасыз етілген талаптарды қанағаттандыру үшін көзделген көлемде және тәртіппен заттың құнынан қанағаттандырылады. Шын мәнінде, ұстап қалу, кепілзатқа, – кепілге салынған мүлікті кепіл беруші кепіл ұстаушының иелігіне беретін кепіл түріне ұқсас. Олардың арасындағы айырмашылық - ұстап қалудың пәні ұстап қалумен қамтамасыз етілетін міндеттеме (оны төлеу не онымен байланысты шығындарды төлеу) туындаған зат болып табылуы мүмкін, ал кепілге (сонымен қатар кепілзатқа) борышқорға тиесілі кез келген басқа да мүлік берілуі мүмкін. Сонымен бірге, кепіл қолданыстағы заңнамамен неғұрлым нақты және егжей-тегжейлі реттелген, кепіл ұстаушының құқықтары неғұрлым нақты айқындалған (басқа несие берушілер алдындағы артықшылықты пайдалана отырып кепілге салынған мүлік құнынан кепілмен қамтамасыз етілген талаптарды қанағаттандыру).

Несиелік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдісі ретінде ұстап қалу мүлдем қолданылмайды, өйткені ол бойынша тек жеке анықталған затты ұстап қалуға болады, ал несие міндеттеменің пәні, әдетте, ақша сомасы болып табылады.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағына сәйкес несиелердің қайтарымдылығы тұрақсыздық айыбымен, кепілмен, кепілдікпен, кепілдемемен және Қазақстан

Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделген басқа да әдістермен қамтамасыз етілуі мүмкін [3].

Қалыптасқан тәжірибе несиелік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің неғұрлым ыңғайлы әдістері кепіл және кепілдік болып табылатынын көрсетті.

Қазіргі жағдайда кепіл құқықтық қатынастарда ерекше орын алады және іс жүзінде кеңінен қолданылады. Мәселен, банктік қызметте міндеттемелерді орындаудың бұл әдісі әртүрлі несиелер беруде жиі қолданылатын әдістердің бірі болып табылады.

Рим құқығынан бастап заңғылымы несиелік және кепілдік қатынастар арасындағы тығыз байланысты байқайды.

Кепіл - бұл міндеттемеге сәйкес несие берушінің (кепіл ұстаушының) борышқор кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған ретте кепілге салынған мүлік құнынан Азаматтық кодексте белгіленге алып тасталатындарды қоспай, осы мүлік тиесілі адамның (кепіл берушінің) басқа несие берушілердің алдында артықшылықпен қанағаттандырылуға құқығы бар міндеттемені атқаруының осындай әдісі танылады (ҚР АҚ 299-бабы).

Кепіл сонымен қатар берілген несиелердің қайтарылуын қамтамасыз етудің ең сенімді тәсілдерінің бірі болып саналады. Оның сенімділігі борышқордың (кепіл берушінің) қаржылық жағдайының ықтимал өзгеруіне қарамастан несие берушінің мүдделері қорғалатындығында көрінеді. Сонымен қатар, кепілдің айқын ынталандырушы функциясы бар, өйткені көп жағдайда кепілге берілген мүлікті қайтаруға мүдделі борышқордың өзі кепіл беруші болып табылады. Кепіл беруші борышқор емес, үшінші тұлға болған жағдайларда, кепілдің ынталандырушы функциясы - кепіл ұстаушы борышқордың өзінің негізгі міндеттемелерін тиісінше орындауға мүдделі өзінен кем емес "одақтас" кепіл беруші-үшіші тұлғаның бар болуында.

ҚР АҚ 300-бабының 1-тармағына сәйкес кепіл шартқа байланысты туындайды. Кепіл заң құжаттарының негізінде, егер заң құжаттарында қандай мүлік және қандай міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету үшін кепілде жатқан деп танылатыны көзделсе, оларды көрсетілген міндеттемелердің пайда болуы кезінде де туындайды.

Кез келген мүлік, оның ішінде айналымнан алынған заттарды (ҚР АҚ-нің 116-

бабының 2-тармағы), кредитордың жеке басымен тығыз байланысты талаптарды, атап айтқанда алименттер, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды және басқа тұлғаға беруге заңнамалық актілермен тыйым салынған өзге де құқықтарды қоспағанда, заттар мен мүліктік құқықтар (талаптар) кепіл мәні болуы мүмкін. Алайда, теориялық тұрғыдан кепілдік мәні бола алатын кез-келген мүлік іс жүзінде мұндай ретінде танылмайтынын атап өткен жөн.

Несиелер бойынша ықтимал шығындарға арналған резервтің мөлшері банк берген несиенің қамтамасыз ету сапасы бойынша — қамтамасыз етілген, жеткіліксіз қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген ретінде жіктелуіне байланысты болады. Сондықтан банктер кепіл затын таңдау мен оны бағалауға ерекше назар аударуы керек.

Кепілдің артықшылығына келетін болсақ, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдісі ретінде олар келесідей болуы мүмкін:

1) мүлік кепілі шарты борышқор несиелер берушімен есеп айырысуға мәжбүр болған сәтте осы мүліктің болуын және сақталуын қамтамасыз етеді;

2) борышқор мүлкінің кепілі кепіл ұстаушы несиелер берушіге басқа кредиторлар алдында басымдықпен кепіл нысанасы есебінен өз талаптарын қанағаттандыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

3) мүлікті заттай жоғалтудың нақты қаупі (ал кепіл мәні, әдетте, аса құнды болып табылады) борышқор үшін өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауға жақсы ынталандыру болып табылады.

Сонымен бірге, кепілдің көрсетілген артықшылықтарымен қатар, іс жүзінде кепілге салынған мүлікті өндіріп алу және өткізу туралы азаматтық заңнама нормаларын қолдануға байланысты қиындықтар көп туындайды. Аталған сұрақты қарастырудың нәтижесі осы салада көптеген мәселелердің бар екенін көрсетеді.

Несиені қайтарудың тағы бір кең таралған тәсілі, әсіресе кепіл мүлкі болмаған жағдайда, кепілдік болып табылады. Кепілдік банктік қызметте кепіл институты сияқты әртүрлі несиелер беру кезінде кеңінен қолданылады.

Кепілдіктің міндеттемелерді қамтамасыз ету әдісі ретіндегі мәні болып борышқордың өз міндеттемелерін тиісті түрде орындаумен байланысты жауапкершілігін үшінші тұлғаларға тарату болып табылады. Кепілдік шартын жасасу нәтижесінде жаңа міндетті тұлға —

кепілдік беруші пайда болады.

ҚР АҚ 329-бабының 1-тармағына сәйкес кепілдік бойынша кепілдік беруші, заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа жақтың (борышқордың) несиелер берушісі алдында осы жақтың міндеттемесінің орындалуына толық немесе борышқормен ішінара жауап беруге міндеттенеді.

Осылайша, кепілдік беруші борышқордың несиелер беруші алдындағы міндеттемесін орындау үшін онымен бірлесіп жауап береді. Алайда Азаматтық кодекстің заңнамалық актілерде жауапкершіліктің өзге де тәртібі көзделуі мүмкін екенін белгілейді. Кепілдік берушінің заң актілерімен өзге жауапкершілігін белгілеу мүмкіндігі кепілдік пен кепіл болушылықтың аражігіна ажыратудағы формалды айқындылықты бұзады [4].

ҚР АҚ 331-бабына сәйкес кепілдіктің пайда болуының негізі шарт болып табылады.

Кепілдік өте тиімді болғандықтан несиелік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің өте кең таралған әдісі болып саналады. Оның қауіпсіздік сипаты борышқордан да, оның кепілдік берушісінен де, олардың кез-келгенінен де, толығымен не ішінара орындауды талап ететіндігінде көрінеді, бұл ақша міндеттемесін тиісті түрде орындау ықтималдығын едәуір арттырады. Яғни, несиені қайтару мерзімі өткен кезде кепілдік беруші автоматты түрде қарызгер болып атанады. Бұл арада айта кететін жайт, кепілдік берушінің борышқордан айырмашылығы — кепілдік беруші мұндай жауапкершілікті өзіне ала отырып, несиелер қаражатын өзі алып, қолданбайды. Несиелер берушінің талаптары орындалмаған жағдайда және ол одан әрі сотқа талап арыз берген кезде, кепілдік беруші, әдетте, борышқормен тең жауапкер ретінде тартылады. Сондай-ақ банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелердің орындалмауы қарыз алушының ғана емес, ол үшін кепілдік беруші тұлғаның да несиелік тарихына теріс әсер ететінін білген жөн.

Осылайша, бүгінгі күні міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің әдістері ҚР АҚ-да тікелей аталынған, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесінде де тараптар қамтамасыз етудің өзге әдістерін қолдануға құқылы. Алайда, осыған қарамастан, банктік несиені қайтаруды қамтамасыз етудің мінсіз әдісі жоқ екенін атап өткен жөн, өйткені ешқандай әдіс несиені қайтарудың абсолютті кепілдігін бере алмайды.

Англо-американдық мектеп банкирлерінің пікірінше, несие берушіні қарыз алушының несие шартын орындамауынан қорғайтын екі немесе одан да жақсы үш "қауіпсіздік белдігі" болуы керек. "Бірінші белдеу" — бұл қолма-қол ақша ағыны, қарыз алушының кірісі - несиені өтеуінің негізгі көзі. "Екінші белдеу" - бұл қарыз алушының несиені өтеуді қамтамасыз ету ретінде ұсынатын активтері. "Үшінші белдеу" - заңды немесе жеке тұлғалар несиені қамтамасыз ету ретінде беретін кепілдіктері. Аталған пікірді

қазіргі кезде орын алған банк тәжірибесі де дәлелдейді: көптеген несие берушілер қарыз алушыға қаражат бере отырып, бір уақытта бірнеше қамтамасыз ету әдістерін қолдануға тырысады. Қорытындылай келе, несие қатынастарында қамтамасыз етудің қандай да әдісі қолданылса да, міндеттемелерді қамтамасыз етудің бірнеше әдістерін бір уақытта қолдану - шын мәнінде несие берушіге берілген ақшаны қайтарудың жоғары ықтималдығын қамтамасыз ететінін атап өткім келеді.

Пайдаланылған қайнар көздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері). – Алматы: ЮРИСТ, 2019. – 352 б.
2. Сулейменов М.К. Правовое регулирование обеспечения исполнения обязательств в Республике Казахстан. Интернет-ресурс: <https://ru.convdocs.org/> (өтінім берілген күн 11.01.2021 ж.).
3. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамызындағы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңы. Интернет-ресурс: <https://adilet.zan.kz/> (өтінім берілген күн 23.01.2021 ж.).
4. Диденко А.Г. Комментарий к ст.ст. 329-336 ГК (гарантия и поручительство). Интернет-ресурс: <https://online.zakon.kz/> (өтінім берілген күн 23.01.2021 ж.).

References:

1. Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyk Kodeksy (Zhalpy zhane Erekshe bolimderi). – Almaty: YuRIST, 2019. – 352 b.
2. Suleymenov M.K. Pravovoe regulirovanie obespecheniya ispolneniya obyazatel'stv v Respublike Kazakhstan. Internet-resurs: <https://ru.convdocs.org/> (otininim berilgen kun 11.01.2021 zh.).
3. Qazaqstan Respublikasynyn 1995 zhylgy 31 tamyzyndagy «Qazaqstan Respublikasyndagy bankter zhane bank qyzmeti turaly» Zany. Internet-resurs: <https://adilet.zan.kz/> (otininim berilgen kun 23.01.2021 zh.).
4. Didenko A.G. Kommentariy k st.st. 329-336 GK (garantiya i poruchitelstvo). Internet-resurs: <https://online.zakon.kz/> (otininim berilgen kun 23.01.2021 zh.).